







*Жоғарыда берілген
суреттерден қандай ой
түйдіңіз?*

Сабақтың тақырыбы:

12.2С бөлім

«Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени қатынастар»

Сабақ тақырыбы:

«Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтар арасындағы қатынастар»

Оқу мақсаттары:

- Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтар арасындағы қатынастарды біледі;
- Ағымдағы саясаттың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау негізінде болашақ әлеуметтік және мәдени саясатты көздеу
- Қазіргі саясаттың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау негізінде болашақ әлеуметтік және мәдени саясатты ұсыну
- Нәтижелі қарым-қатынаста болу
- Жоғары деңгейдегі шолу мен рефлексия жүргізу

критерийлері:

- **Оқу мақсаты:**

- Нәтижелі қарым-қатынаста болу

- **Бағалауға арналған ұсыныс:**

- Осы бөлім бойынша жұмысты бастамас бұрын, оқушыларды оқу мақсатымен, жетістік критерийлерімен таныстыру керек. Оқушылар топтарда жұмыс жасап, қазіргі әлеуметтік және мәдени саясаттың күшті және әлсіз тұстарын бағалайды және ұсыныстар жасайды. Әр топ барлық сыныпқа төмендегілерді анықтап, баяндайды:

- • 3 мықты тұсы;
- • 3 әлсіз тұсы;
- • болашақ саясатқа 3 ұсыныс.

- **Сыни ойлау және зерттеу:**

- Қатынастағы басты факторларды анықтай отырып өз ойын білдіреді және оны дәлелді дәйектермен сын тұрғысынан зерттейді.

Пәндік лексика:

● Терминдер:

- қатынастар, әлеуметтік және мәдени топтар
- әлеуметтік және мәдени мәселелер
- көп-мәдени әлеумет, ұлт
- қазақтар, орыстар, өзбектер, украиндықтар, ұйғырлар, татарлар, немістер
- мемлекет бағыты, әлеуметтік және мәдени саясат, мәдени интеграция, саяси перспектива
- жинау, сараптау, мәліметті қорыту
- мәлімет, сараптама, әдіс, критерийлер, дәлелдер, сандар, қолдану, болжамдар, қажеттіліктер, аудитория, анықтау, мақсаттар
- өлшеу, өлшем, құралдар
- сәйкес, сәйкес емес
- орынды, орынсыз
- басталу/аяқталу мерзімі, басталу/аяқталу жері
- басымдылықтар, басымдылық беру
- инвестиция
- прогресс
- басталу жерлері
- салыстырмалы айырмашылықтар
- әртүрлі басымдылықтар

статистика:

Қазақстан Орталық Азияда, Еуразия материгінің түбінде орналасқан.

Аумағы - 2724900 шаршы км. Аумағы бойынша Қазақстан Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Индия және Австралияға жол беріп, әлемде 9-орынды алады, ТМД елдерінің арасында аумағы бойынша екінші орынды алады. Қазақстан аумағы Еуропалық Одақтың 12 еліне қарағанда үлкенірек.

Қазақстан Қытаймен – 1782 км, Қырғызстанмен – 1241 км, Түркіменстанмен – 426 км, Өзбекстанмен – 2354 км, Ресей Федерациясымен – 7591 км шекаралас. Республиканың Мемлекеттік шекарасының ұзындығы – 13394 км.

Халық саны

2012 жылдың басына, мың адам



Статистикалық мәліметтер:

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


Негізгі демографиялық көрсеткіштер

	1991	2000	2011
Халық саны, барлығы, жыл соңына, мың адам	16 451,7	14 865,6	16 675,4
оның ішінде:			
қала	9 404,0	8 413,4	9 114,6
ауыл	7 047,7	6 452,2	7 560,8
Халықтың жалпы санынан жасы:			
еңбекке қабілетті жастан төмен	5 465,2	4 370,1	4 398,6
еңбекке қабілетті жаста	9 063,8	8 892,4	10 603,8
еңбекке қабілетті жастан жоғары	1 922,7	1 603,1	1 673,0
Туғандағы өмірдің күтілетін ұзақтығы, жас:			
барлық халық	67,6	65,5	69,0
ерлер	62,6	60,1	64,2
әйелдер	72,4	71,2	73,8
1000 адамға:			
туғандар	21,5	14,9	22,5
өлгендер	8,2	10,1	8,7
Оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар (1000 туғанға)		18,8	14,8
Табиғи өсім	13,3	4,8	13,8
Некелер	10,1	6,1	9,7
Ажырасулар	3,0	1,8	2,7
Көші-қон қарқындылығы	-3,5	-7,3	0,3

Қазақстанның жас-жыныс пирамидасы:


Қазақстанның жас-жыныс пирамидасы

2012 жылғы 1 қаңтарға, пайызбен



Туғандағы өмірдің күтілетін ұзақтығы

жас



Қазақстанда туған балаларға ең көп қойылған есімдер

2012 жылғы 1 маусымға

	Ұлдар	Қыздар
1	Ерасыл	Айару
2	Әлихан	Інжу
3	Нұрасыл	Кәусар
4	Нұрислам	Айзере
5	Мирас	Аружан
6	Санжар	Айша
7	Артем	Аяулым
8	Арсен	Сезім
9	Диас	Әмина
10	Александр	Алина
11	Ислам	Нұрай
12	Кирилл	Жания
13	Максим	Іңкәр
14	Мадияр	Диана
15	Никита	Дарья
16	Алдияр	Мәдина
17	Азамат	Виктория
18	Мансур	Анастасия
19	Мейрамбек	София
20	Руслан	Сабина

Динамика нәтижесі не дейді?



Фонд Первого Президента Республики Казахстан

Диаграмма 4.1.



Таблица 1.1. Какая из характеристик, по Вашему мнению, наиболее соответствует состоянию межнациональных отношений в Вашем населенном пункте? Сентябрь, 2010

	В стране в целом	В вашей области	В вашем населенном пункте
В целом спокойные	66,6%	63,4%	68,0%
Носят нейтральный характер	24,3%	26,6%	22,8%
Довольно напряженные	5,2%	5,6%	4,9%
Напряженные	2,1%	2,1%	1,4%
Открыто напряженные	0,3%	0,4%	0,9%
Затруднились ответить	1,5%	1,9%	2,0%



Фонд Первого Президента Республики Казахстан

Таблица 1.2. Какая из характеристик, по Вашему мнению, наиболее соответствует состоянию межнациональных отношений в Вашем населенном пункте?

	Июль, 2009	Январь, 2010
Спокойствие, понимание, согласие	61,3%	60,4%
Внешне спокойные, но внутренне напряженные	29,1%	27,5%
Отчужденность	5,8%	11,1%
Открыто напряженные	2,5%	1,0%

Состояние межэтнических отношений в стране и в собственном населенном пункте как спокойные оценивают в первую очередь респонденты казахской национальности, тогда как респонденты русской и других национальностей в сравнительном разрезе полагают, что им больше присущ нейтральный характер.

Анықтаңыз:

- Қазақстандағы әлеуметтік топтар;
- Қазақстандағы мәдени топтар.

Әлеуметтік топтар

Әлеуметтік топ — жеке тұлғалардың ортақ, ынтымақты, үйлескен іс-әрекетті жүзеге асырудағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін адамдар бірлестігінің, өзара әрекетінің негізгі түрі, бірігу дәрежесі әрқилы бірлестіктердің құрамын белгілейтін өте кең ұғым. Жалпы, әлеуметтік топ ұғымы мүдделердің, құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларының ортақтығы мен айырмашылықтарына орай халықтың жіктелуін бейнелейді.

Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда әлеуметтік топтар ретінде таптар, сословиелер, таптар және сословиелер ішіндегі бөлімшелер, этникалық, кәсіптік, жыныстық, жас ерекшелігіне қарай, мекендік, тұтынушылық, діни, білімі бойынша және басқа да топтар қарастырылады.

Кең мағынасында Әлеуметтік топ ұғымы адамдардың кез келген әлеуметтік бірлесуін – отбасынан, құдастар тобынан елдің, тіпті, бүкіл адамзат қоғамына дейінгі түсінікті қамтиды. Бірақ әлеуметтануда көбіне тар мағынада - қандай да бір жеке, ұжымдық немесе қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыруды көздеген өзара әрекеттегі адамдар жиынтығы - қоғамның ішіндегі құрылым ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік топ мүшелері өздерін осы топқа жатқызады және де басқалар да оларды сол әлеуметтік топтың мүшесі ретінде мойындайды (Р. Мертон).

Әлеуметтік қоғамдастықтардың (топтардың) негізгі түрлері:

тұрақтылық
дәрежесіне
қарай

көлеміне
қарай

мазмұнына
қарай

Тұрақтылық дәрежесіне қарай:

тұрақтылығы төмен топтар(квазитоптар)

орташа тұрақтылығы бар топтар

тұрақты топтар

Көлеміне қарай

үлкен топтар

орташа топтар

кіші топтар

Мазмұнына қарай

әлеуметтік-таптық

әлеуметтік-этникалық

әлеуметтік-кәсіби

әлеуметтік-территориялық

Топтар

1. Еңбекші шаруалар табы (кәсібі - қара күшімен жер өңдеу, құқық көлемі - шектеулі, мүліктік жағдайы - орташа немесе орташадан томен);
2. Жалдамалы жұмысшылар табы (кәсібі - көбіне қара күшке негізделетін сауда-өнеркәсіптік мекемелерге жалданып жұмыс жасау, құқық көлемі - шектеулі, еңбек қатынастарына сүйенеді, мүліктік жағдайы - орташадан немесе кедейге дейін);
3. Жер иеленушілер табы (кәсібі - жер салығымен күнелтетін, зиялы-басқарушылық қызмет атқаратын жер иелері, құқық көлемі - артық дәрежелі, пұрсатты, мүліктік жағдайы - жұмысшы және шаруа табымен салыстырғанда бай);
4. капиталистер табы (кәсібі - өндірістік, сауда және қаржы капиталдарының иелері, құқық көлемі - жер иеленушімен салыстырғанда айрықша құқыққа ие, артық дәрежелі, пұрсатты, мүліктік жағдайы - бай).

I. Тұрақтылық дәрежесіне қарай:

1. қысқа мерзімдік байланысқа негізделген, тұрақтылығы төмен қоғамдасулар, оларды квазитоптар деп атайды. Мәселен, бұл топқа театрдағы спектакль көрермендерін, пойыз вагонындағы жолаушыларды, туристік топ немесе митингке қатысатын адамдарды жатқызуға болады. Бұл топтағы адамдар арасындағы байланыс әлсіз әрі кездейсоқтық сипаты басым болады.
2. тұрақтылығы орташа қоғамдастықтар (еңбек ұжымы, құрылыс бригадасы, студенттер тобы)
3. тұрақтылығы жоғары қоғамдастықтар (ұлттар, таптар)

II. Көлеміне қарай:

- 1) үлкен әлеуметтік топтар немесе қоғамдастықтар (ұлттар, таптар, әлеуметтік жіктер, кәсіби бірлестіктер);
- 2) орташа әлеуметтік топтар (бір аймақтың тұрғындары);
- 3) кіші қоғамдастықтар немесе топтар (отбасы, шағын ұжымның қызметкерлері, оқу топтары). Бұл топтағы адамдар арасындағы қарым-қатынас пен байланыстар барынша тығыз және олардың мақсат-мүдделері де жақын болады.

III. Мазмұнына қарай әлеуметтік қоғамдастықтар:

- 1) әлеуметтік-экономикалық (касталар, сословиелар, таптар);
- 2) әлеуметтік-этникалық (ру, тайпа, ұлыстар, ұлттар);
- 3) әлеуметтік-демографиялық (жастар, қарт адамдар, балалар, ерлер, әйелдер);
- 4) әлеуметтік-кәсіби (шахтерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер); 5) әлеуметтік-территориялық (аймақтың, облыстың, аудан, селоның тұрғындары) деп жіктеледі.

**Сіз мәдени топтар туралы не
білесіз?**

**(қосымша берілген
материалдарды пайдаланыңыз)**



Бейне материалды тамашалаңыз

<https://www.youtube.com/watch?v=O4kjOrDwTNo>

Қазқстан халқы Ассамблеясының тарихы

Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік және мәдени топтар арасындағы қатынастарда қандай – алаңдайтын немесе қуантатын себептер бар?

қазіргі әлеуметтік және мәдени саясаттың күшті және әлсіз тұстарын бағалайды және болашаққа ұсыныстар жасаңыз

- 3 мықты тұсы;
- 3 әлсіз тұсы;
- болашақ саясатқа 3 ұсыныс.

Үйге тапсырма:

2014-2015 жылдарға арналған
Қызылорда облысының
әлеуметтік –мәдени
социограммасын құрастырып
келу